

КАЛИЕВ Ф.

Л 2007

40к

ТІЛ БІЛІМІ
ТЕРМИНДЕРІНІН
ТҮСІНДІРМЕ
СӨЗДІГІ



“Сөздік-Словарь”

2005

ҚАЛИЕВ Ғ.

**ТІЛ БІЛІМІ
ТЕРМИНДЕРІНІҢ
ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІГІ**



“Сөздік-Словарь”

Алматы

2005

Бұл туынды Қазақстан Республикасы мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің бағдарламасы бойынша басылып шықты

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық оқу-әдістемелік бірлестігі мақұлдап баспаға ұсынған.

Пікір жазғандар:

- Жанпейісов Е. — филология ғылымдарының докторы, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас маманы, профессор.
- Жұмабекова А. Қ. — филология ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогика университетінің профессоры.

Калиев Ғ.


К 26 Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі — Алматы. “Сөздік-Словарь”, 2005. — 440 бет.

ISBN 9965-409-88-9

Сөздікте жалпы тіл білімі мен қазақ тіл білімі салаларына (фонетика, лексика, морфология, синтаксис, фразеология, стилистика, тіл тарихы, аймақтық тіл білімі, этнотіл білімі т.б.) катысты 1500 термин сөз қамтылып, оларға ғылыми түсінік берілген. Сөздік тіл білімінің өзекті теориялық мәселелері жайында түсінікті кеңейтуге мүмкіндік береді.

Сөздік жоғары оқу орындарының оқытушыларына, студенттері мен аспиранттарына, тіл мамандары қауымына, мектеп мұғалімдеріне арналған.

К $\frac{4602030000}{00(05)-05}$



ББК 81.2-4

ISBN 9965-409-88-9

© Калиев Ғ., 2005
© “Сөздік-Словарь” баспасы, 2005

АЛҒЫ СӨЗ

Соңғы жарты ғасырда жалпы тіл білімінің, қазақ тіл білімінің қарқынды дамуына байланысты тілдік ұғымдардың, оларды білдіретін терминдердің мол қоры қалыптасып қолданысқа түсті. Қазақ тіл білімінде тіл білімі терминдеріне арналған бірнеше сөздік жарық көргені белгілі. Соған карамастан тілдегі терминдердің мол қоры түгелдей жиналып, сөздік тұрғысында әлі де толық талданған жоқ. Ұсынылып отырған сөздікте де тіл білімі терминдерінің қамтылмаған түрлері аз емес. Қазірдің өзінде қолданылуы, аталуы әлі бір ізге түспеген немесе әр түрлі түсіндіріліп жүрген терминдер баршылық. Бұл айтылғандар жалпы тіл білімінен, тіл біліміне кіріспеден және қазақ тілі пәндерінен лекция оқып, практикалық сабақтар жүргізетін оқытушыларға, болашақ тіл мамандығының студенттеріне қиындық келтіретіні сөзсіз. Осы орайда бұл сөздікті студенттер үшін оқу құралы десе де болады. Тілдік терминдерді жан-жақты талдаған сөздіктердің аздығын, олардың жетіспейтіндігін ескерсек, тіл білімі терминдерінің сөздігін жасау жұмысы бұдан былай да жалғаса беруге тиіс.

Ұсынылып отырған сөздікте қазіргі қазақ тіл білімінде қолданылып жүрген терминдерді кеңірек талдап түсінік беру, сол арқылы қазіргі кездегі тіл туралы ғылыми ой-пікірдің деңгейі, тілдің құрылымы, тіл білімінің негізгі даму кезеңдері мен бағыттары жайында мағлұмат беру мақсаты көзделді. Бұл мақсат тілдің өзін метатілдік тұрғыда объект етіп қарағанда жүзеге асатынына көңіл аударылды.

Сөздікті жасауда жалпы тіл білімі мен қазақ тіл білімі терминологиясына байланысты бұған дейін шыққан І. Кенесбаев пен Т. Жанұзақовтың “Русско-казахский словарь лингвистических

терминов” (А., 1966). «Қазақ тілі. Энциклопедия» (А., 1998), «Словарь по языкознанию. Тіл білімі сөздігі» (А., 1998, жалпы редакциясын басқарған профессор Ә. Д. Сүлейменова), А. Салқынбай мен Е. Абақанның «Лингвистикалық түсіндірме сөздігі» (А., 1998), А. С. Аманжоловтың «Қазақша-орысша, орысша-қазақша лингвистикалық терминология сөздігі» (сөзгізбе, А., 1999), Ш. Құрманбайұлы мен С. Сапинаның «Орысша-қазақша, қазақша-орысша терминдер мен атаулар сөздігі». Мемтерминком бекіткен терминдер мен атаулар сөздігі (А., 2004) сөздіктерінің жасалу тәжірибесі ескерілді. Жалпы тіл біліміне қатысты және интернационалдык терминдердің теориялық сипатын ашуда О. С. Ахманованың «Словарь лингвистических терминов» (Мәскеу, 1966), «Лингвистический энциклопедический словарь» (Мәскеу, 1990), Ж. Марузоның «Словарь лингвистических терминов» (Мәскеу, 1960) сөздіктеріндегі материалдар пайдаланылды.

Сонымен бірге қазақ тіліне қатысты терминдерді талдап түсіндіруде соңғы кездерде қазақ, орыс тілдерінде шыққан ғылыми-зерттеу еңбектер мен жоғары оқу орындарына арналған тұрақты оқулықтардың бірқатары пайдаланылды.

Сөздіктің құрылымына байланысты мынадай жайттарға көңіл аудару ескеріледі:

- Сөздікке негізінен жалпы тіл біліміне және қазіргі қазақ тіл біліміне қатысты терминдер енгізілді. Қазақ тіл білімінде қолданылуы және формасы жағынан орныққан интернационалдык терминдер өзгертусіз қабылданды. Тек мағынасына нұқсан келмейтін жағдайда кейбір терминдер қазақша нұсқада берілді (*тосын сөз* – окказионал сөз, *уәлждеме*, *уәж* – мотив, мотивация т.б.), олардың интернационалдык аталымдары өз орнында сілтемеде қоса көрсетіліп отырды.
- Терминдердің көптеген тілдерге ортақ анықтамасы, түсінігі берілген соң, әрі қарай олардың тек қазақ тіл біліміндегі жайы (мағынасы, ерекшеліктері т.б.) қысқаша талданып отырды.
- Бірқатар термин ҚР Үкіметі жанындағы Мемтерминком бекіткен Ш. Құрманбайұлы мен С. Сапинаның жоғарыда көрсетілген сөздігіндегі талапқа сай бір ізге түсірілді (*универсал* орнына *әмбебап*, *транскрипция* орнына *дыбыстаңба*, *облыстық лексика* орнына *атыраптық лексика* т.б.).
- Терминком бекіткен жоғарыдағы сөздікке енгізілмеген, бірақ қазақ тіл білімінде қолданысқа еніп кеткен кейбір

терминдер сол қалыптасқан қалпында берілді (*п्राязык* термині *ататіл* болып алынды, ал терминком бекіткен сөздікте — *ана тілі, төркін тіл* болып көрсетілген).

- Қазақша, орысша нұсқалары қатар қолданылатын терминдер сөздікке енгізілді, бірақ олардың түсінігі көбінесе қазақша нұсқаларында берілді, оларды сөздіктен тауып алу қиындық тудырмас үшін, орысша нұсқалары әліппе тәртібімен өз орнында беріліп, қазақша нұсқаларына сілтеме жасалды. Мыс., сөздік мағына *көпмағыналылық* терминінде берілді, ал *полисемия* термині түсінік берілмей, әліппе тәртібімен сілтеме түрінде қосылды.

- Кейде тіркес түрінде берілген терминдегі негізгі ұғымды білдіретін тірек сөз терминнің алдына шығарылды, ал оған қатысты бұрынғы бірінші тұрған сөз жақшаға алынып, терминнің соңында келтірілді. Мыс., *Актуальное членение предложения* терминінің қазақша баламасы «*сөйлемнің өзекті мүшеленуі*» термині «*Өзекті мүшелену (сөйлемнің)*» болып берілді.

- Екі тілден даярланатын мамандарға (филология факультеттерінің казак-орыс, орыс-казак бөлімдерінде) қолайлы болу үшін қазақша терминдердің не казак тілінің элементтері араласқан интернационалдық терминдердің орысша нұсқалары беріліп отырды. (*аймақтық тіл білімі* орыс. *ареальная лингвистика, аралас байланыс — разнотипная (смешанная) связь, грамматикалану — грамматикализация, интонация сұлбасы — интонационный контур, мезгілдес салалас құрмалас сөйлем — сложносочиненное предложение, компоненты которого выражают одновременность событий* т.б.).

- Мүмкіндігінше интернационалдық терминдердің түпкі тегі қай тілден шыққаны, алғашында қандай мағына білдіргені көрсетіліп отырды (*артикуляция* (лат. *articulatio* анықтап айту), *ономастика* (грек. *onomastike* есім беру өнері) т.б.).

- Басқы сөздердегі (реестрдегі) интернационалдық терминдердің (казак тілінің қосымшаларынсыз берілгендері) және терминдердің орысша нұсқаларының дауыс екпіні көрсетіліп отырды (*антропоника, әлемдік тілдер — мировые языки, жалқы есім — собственное имя*).

- Сөздіктің көлемі көтермейтіндіктен және тым ұсақтап кетпеу үшін, бір-біріне жақын, біртектес терминдер жинақталып, топталып берілді (*emic* туралы сөздік мақалада оның түрлері,

сенітік туралы сөздік мақалала оның түрлері қоса қамтылды).

- Сөздіктің құрылымында, терминдердің қамтылуында, оларға берілген түсініктердің көлемінде ала-құлалық болуы, кейбір терминдердің түсінігі ұзақ болып көрінуі мүмкін. Мұндай жағдайда оқырманға көп таныс емес терминдер жөнінде толығырақ мәлімет беру жағы көзделді.

Сөздік автордың Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогика университетінің жалпы тіл білімі және қазақ тілі тарихы кафедрасында қызмет істей жүріп, жинаған материалдарының негізінде жасалды.

Сөздікті жоғары орындарының оқытушылары мен студенттеріне, аспиранттарына, мектеп мұғалімдеріне, тіл мамандарына қажет деп, бастырып шығаруға ықылас білдірген «Сөздік-Словарь» баспасына және сөздік жөнінде пікір айтқан рецензенттер: филология ғылымдарының докторы, профессор Е. Жанпейісовке, филология ғылымдарының докторы, профессор А. Қ. Жұмабековаға, сөздікті баспаға даярлауда көмектескен филология ғылымдарының кандидаты, доцент З. Ж. Ысқақоваға автор өз ризашылығын білдіреді.

Автор

Қысқартылған атаулар

- ағыл. — ағылшын тілі
АҚШ — Америка Құрама Штаттары
ар. — араб тілі
әд. — әдеби
б.з.— біздің заманымыздың
б.з.д. — біздің заманымызға дейін
грек —грек тілі
ғ. — ғасыр
ғғ.— ғасырлар
диал. — диалектілік
д.м.— деген мағынада
ж.— жылы
жж.— жылдары
итал. — итальян тілі
КСРО — Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
к. — қараңыз
каз.— қазақ тілі
ҚР — Қазақстан Республикасы
ҚСЭ — Қазақ совет энциклопедиясы. Бірінші басылым
ҚХР — Қытай Халық Республикасы
лат. — латын тілі
млн — миллион
моңғ.— моңғол тілі
МХР — Моңғол Халық Республикасы
мыс. — мысалы
нем.— неміс тілі
орыс. — орыс тілі
өзб.— өзбек тілі
парс. — парсы тілі
полинез. — полинезия тілі
сканд.— скандинавиялық тілдер
ср. — салыстырыңыз
тат.— татар тілі
ұйғ.— ұйғыр тілі
франц. — француз тілі

А

Аббревиатура (итал. *abbreviatura* < лат. *brevis* қысқа) — 1) белгілі бір сөз тіркесінің басты әріптерінен не буындарынан жасалған *күрделі қысқарған сөз* (к.); 2) шартты түрде *қысқарған сөз* (к.).

Аббревиация — сөзжасамның ерекше бір түрі, оның көмегімен сөз тіркестерінен қысқарған сөздер мен құрылымдар жасалады.

Абзац (нем. *absatz* шегініс) — 1) бір азат жолдан екінші азат жолға дейінгі күрделі синтаксистік тұтастықты білдіретін мәтін бөлігі; 2) азат жол. Жаңа жолдан бастап жазуда оңға қарай жасалған шегініс.

Аблатив (лат. *ablativus*) — кейбір тілдерде мекендік-алыстық, жекелену, бөлініп шығу мағынасын білдіретін септік жалғаудың бір түрі. Орыс тіліндегі (*от, из, с* предлогті) ілік септігіне сәйкес келеді. Фин-угор тілдерінде бір нәрседен қашықтауды, алыстауды білдіретін септік тұлғасы болып табылады.

Аблаут (нем. *ablaut*) — сөз түрлендіретін, сөзжасамдық мағынаны білдіретін дауысты дыбыстар алмасуының бір түрі. А. *ішкі флексия* (к.) қызметін атқаратын морфонологиялық құбылыс. Бұл ұғымды үндіеуропа тілдерінің (оның ішінде герман тілдерінің) грамматикалық жүйесін сипаттау үшін Я. Гримм енгізген, түркі тілдеріне тән емес. Қ. *Апофония*.

Абсолюттік конструкция (лат. *absolutus* шәксіз, шүбәсіз) орыс. *абсолютная конструкция* — к. *Эргативтік құрылыс*.

Абсолюттік синонимдер (лат. *absolutus* шүбәсіз, толық) орыс. *абсолютные синонимы* — мағынасы және қолданылуы жағынан бір-біріне толық сәйкес келетін сөздер. Мыс.: *тіл ғылымы — тіл білімі, өте — аса, түр — түс*. Толық синонимдар қазақ тілінде көп емес. Мағынасы толық сәйкес келген сөздердің қолданылуында не басқа сөздермен тіркесуінде ерекшелік болуы мүмкін.

Абсолюттік шақ орыс. *абсолютное время* — кимыл-әрекеттің сөйлеу кезіне тікелей қатысын білдіретін етістік шағы. Грамматикалық шақтың өткен шақ, осы шақ, келер шақ түрлері олардың сөйлеу кезіне қатысына қарай нақты анықталады. Мыс.: *Мен айттым. Мен айтып тұрмын. Мен айтармын*. Ср. *Қатыстық шақ*.

Абстрактты лексика (лат. *abstractus* дерексіз) орыс. *абстрактная лексика* — дерексіз мағынадағы зат есім атауларының жиынтығы. Оған бірқатар түбір (негіз) зат есіммен бірге

(арман, қиял, әсер), деректі, нақты мағыналы сөздерден *-лық/-лік, -шылық/-шілік, -ыс/-іс* т.б. жұрнақтар арқылы туып, мағынасы дерексізденген зат есімдер жатады. Мыс.: *жақсылық, сұлулық, тіршілік, қиыншылық, дағдарыс*. Зерттеу еңбектерде *дерексіз сөздер* (отвлеченные слова) түрінде де кездеседі.

Абстракты форма орыс. *абстрактная форма* — синтаксистік құрылысы арқылы ерекшеленетін синтаксистік мәндес сөздер. Мыс.: *қауіп-қатер кеңу — қауіп-қатерден өту. Жиналысқа жеңі қатысады — жиналыстан сирек қалады*. К. **Синтаксистік синонимдер. Синонимдер.**

Автомат аударма орыс. *автоматический перевод* — электронды-есептеуіш машинаның (ЭЕМ) көмегімен бір тілдегі мәтінді екінші тілге аудару. А. а. инженерлік тіл білімі мен қолданбалы ғылымдар саласына жатады, тілді табиғи код (шартты белгі) ретінде қарастырып, статистикалық және теориялық-аппараттық әдістерді қолданады. Зерттеу салмағы көбінесе лексикадан синтаксис саласына ауысып, семантикалық анализдің көмегімен мәтіннің мағына жағына көп көңіл бөлінеді. Көптеген тілдік мәліметтерді қамтитын кең көлемді машиналық сөздіктер жасайды. Қазақстанда проф. К. Б. Бектаевтың жетекшілігімен құрылған шағын топ әртүрлі мәтіндерді қазақшадан орысшаға аударумен шұғылданып, теориялық және практикалық зерттеулер жүргізуде. А. а. сол күйінде тұтынушының қажетіне жарамды болмаған жағдайда, аудармашы мамандардың жеңіл-желпі өңдеуінен өтеді. Қазіргі кезде ЭЕМ-нің көмегімен іске қосылған ағылшын, неміс, француз тілдерінен орысшаға аударатын жүйелер бар. К. **Машиналық аударма.**

АВТОЭТНОНИМ (грек. *autos* өзі, *ethnos* тайпа, халық, *опута* есім, ат)— этностың (халық я тайпаның) өзін өзі атауы, өз атауы. Мыс.: *döutschen* (немістер), *суоми-suomalainen* (финдер), *русские, қазақтар, өзбектер*. Ср. **Аллоэтноним.**

АГГЛЮТИНАТИВТІ ТИП (тілдердің) (лат. *agglutinatio* жабысу, жабыстырылу)— к. **Жалғамалы тип (тілдердің).**

АГГЛЮТИНАЦИЯ (лат. *agglutinatio* жабысу, жабыстырылу)— к. **Жалғамалылық.**

АГЕНС (агент, агентив) (лат. *agens, agentis* әрекет жасаушы)— сипатталып отырған оқиғаға қатысушының сөйлемде көріну сипаты. А. термині іс-әрекет иесінің, тікелей орындаушысының кім екенін білдіреді. А. үндіеуропа тілдеріндегі актив құрылымда атау септігі арқылы, ал пассив құрылымда жанама септіктер (әсіресе көмектес септігі) арқылы білдірілетін қимыл етістігінің иесі.

Адапта́ция теориясы (лат. *adaptatio* бейімделу, икемделу) орыс. *теория адаптации* — үндіеуропалық флективті формалардың пайғу тегі туралы 19 ғ. ортасында ұсынылған ғылыми болжамдардың бірі. Ол бойынша сөз түрлендіруші қосымшалар мен есімдіктер бір-біріне тәуелсіз дербес дамыған, тек кейін грамматикалық мағыналарды білдіру үшін өзара бейімделген. А. т.-сын Ф. Бопптың агглютинация теориясына қарама-қарсы ұсынған — санскрит тілін зерттеуші А. Людвиг. Оның түсіндіруінше, үндіеуропалық есім мен етістіктің жалғаулары алғашында жинақты сөйлеу мағынасындағы негіздерді жасайтын суффикстер болған. Бірақ әр түрлі мағыналар мен қатынастарды білдіру қажеттілігіне байланысты бұл көне негіздер флективті мағына беретін болған да, ал олардың бұрынғы суффикстері жана грамматикалық категорияларды білдіруге бейімделген. А. т. Боппка қарсы бағытта эволюция теориясымен сабақтасып жатыр (Ф. фон Шлегель). Агглютинация теориясынан бұрын шыққан, бірақ жақтаушылары аз болған бұл теория бойынша, жалғаулар — алғашқы, ал есімдік — жалғаулардан шыққан кейінгі элементтер деп түсіндіріледі.

Адвербиалдану (лат. *adverbium* үстеу) орыс. *адвербиализация* — үстеуге айналу, адвербиалдану. Морфологиялық жолмен басқа сөз таптарынан үстеуге айналған сөздер. Мыс.: *зорға, бірден, босқа, текке, абайсызда, қапыда*. Мұндай сөздер мағына жағынан қимылдың әр түрлі күй-жайын білдіріп, сөйлемде пысықтауыш қызметін атқарады: *Үйіне зорға жетті. Қапыда қолға түсті.*

Адитів (ағыл. *aditive*)— к. *Барыс сентік.*

Адстрат (лат. *ad* қасында, жанында, *stratum* кабат, қатпар)— халықтардың ұзақ уақыт қатар өмір сүріп қарым-қатынаста болуы нәтижесінде бір тілдің басқа тілге әсер етуінен туған тілдік белгілердің жиынтығы. А. оған қатысты *субстрат* (к.) және *суперстрат* (к.) терминдеріне қарағанда тілдік қарым-қатынастың бейтарап қалпын көрсетеді, онда этникалық ықпал нәтижесінде бір тіл басқа тілге сіңісіп кетпейді. А. құбылыстар екі дербес тілдің аралық қабатын жасайды. Кейде “А.” термині аралас *билингвизмді* (к.) білдіру үшін қолданылады. “А.” ұғымын енгізген М. Дж. Бартоли (1939 ж.), бірақ ол тіл білімінде кең тарамаған.

Адъектив (лат. *adjicere* қосу)— к. *Сын есім.*

Адъективтену (лат. *adjectivum* сын есім) орыс. *адъективация* — басқа сөз таптарының сын есімге айналды. Ол — басқа сөз таптарының сындық қасиетке ие болуымен байланысты.

Мыс.: *оқыған азамат* дегенде есіміне тұлғасындағы *оқыған* сөзі субъектінің кимылын емес, сындық белгісін білдіріп тұр. Сын есімге айналатын сөздер негізінде морфологиялық жолмен туады: *бойшаң, бауырмал* — зат есімдерден; *тайғақ, тебеген, сүзеген, оқыған* — етістіктерден. К. *Транспозиция*.

Адъективті тіркес орыс. *адъективное сочетание* — бас мүше қызметін атқаратын сын есімді сөз тіркесі. Мыс.: *Кой отарының сүйемдеп аяңдауына жирен бесті гана көндіге алмай келеді* (Ғ. Мүсірепов).

Айқындауыш орыс. *приложёние, аппозиция* — анықтауыштың ерекше бір түрі. Сөйлемде белгілі бір мүшенің заттық, мекендік, мезгілдік т.б. мағынасын басқа сөзбен түсіндіріп, нақтылап көрсететін сөз я сөз тіркесі. А. айқындайтын сөздерімен тұлғалас, қызметтес болып келеді. А. құрылысына қарай үшке бөлінеді:

1. Қосалқы А.— зат есімдердің (көбінесе кісі аттарының) қосымша сипаты, анықтамасы ретінде жұмсалатын сөздер: *Жамбыл ақын, Қамбар батыр*.

2. Қосарлы А.— айқындайтын сөзіне қосақталып келіп, оның мағынасын нақтылап тұратын сөздер: *телефон-автомат, батыр-ұшқыш*. Жазуда арасына дефис белгісі қойылады.

3. Оңашаланған А.— өзі қатысты сөзінен кейін тұрып, көтеріңкі әуенмен айтылып, айқындайтын сөзінің заттық, мекендік, мезгілдік т.б. мағыналарын саралап, дәлдеп, нақтылап тұратын сөздер: *Мәкиш өз туысына, інісіне, тамашалай қарады* (М. Әуезов). *Бір үйден, бір кісінің қасынан, мұңшальық көп кітап көргені осы* (М. Әуезов). Жазуда екі жағынан үтірмен бөлінеді.

Аймақтық лексика орыс. *ареальная лексика* (лат. *area* алаң, кеңістік)— белгілі бір территория я аймақта қолданылатын диалектілік я кәсіби-диалектілік сөздер.

Аймақтық тіл білімі (ареалдық лингвистика) орыс. *ареальная лингвистика* (лат. *area* алаң, кеңістік)— тіл құбылыстарының кеңістік көлемінде және тіларалық (диалектаралық) қарым-қатынаста таралуын *лингвистикалық география* (к.) әдісімен, яғни географиялық карталарға түсіру арқылы зерттейтін тіл білімінің бір саласы. А. т. б. терминін алғаш рет қолданған М. Дж. Бартоли мен Дж. Видосси (1943, Италия). А. т. б-нің. — негізгі мақсаты тіл ерекшеліктерінің тараған аймақтық көлемін анықтау. А. т. б. тілде анықталған тілдік құбылыстар негізінде туады, диалектологиямен тікелей байланысты. Жергілікті тіл ерекшелік-

терін тілдік аймақтар бойынша картаға түсіріп, жүйелі түрде зерттеп шығу қазақ диалектологиясында өлі жете анықталмаған өзекті мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Дегенмен, диалектология мен А. т. б.-нің міндеттері мен зерттеу объектілері бірдей емес. Диалектологияның қарастыратыны диалектілер, олардың қазіргі күйі, изоглосса сызықтардың таралу шегі болса, ал А. т. б. тілдік құбылыстардың географиялық таралу аймақтарын, олардың өзара байланысын, таралу жолдарын, тіл құбылыстарының негізгі орталықтарын, сөйтіп тілдік одақтардың аймағын (Батыс түркі қағанаты, ортаазиялық тілдер, қыпшақ тілдері т.б.) анықтау болып табылады. А. т. б. тек диалектілік емес, жеке ұлттық тілдер мен туыс тілдер тобындағы айырым және ортақ тіл құбылыстарын айқындауға мүмкіндік береді. А. т. б.-нің түркологиядағы алғашқы үлгісі Орта Азия түркі тілдері мен диалектілерінің фонетикасы мен морфологиясы негізінде жазылған Н. З. Гаджиеванын “Проблемы тюркской ареальной лингвистики” (М., 1975) еңбегінде берілген.

Айырым белгілер орыс. *различительные черты* — тіл құрамындағы диалектілерді немесе диалектілер құрамындағы говорларды ерекшелен көрсететін сөздер мен сөз формалары. Мыс.: көмектес септік тұлғасында *-мышан (атпынан)*, *ж* орнына *й (о йақ, со йақ)*, *с* орнына *ш (мышық, машқара)* қолданылуы т.б. қазақ тілінің оңтүстік говорларын ерекшелен көрсететін айырым белгілер болып табылады. К. **Конститутивтік белгі.**

Аккомодация (лат. *acomodatio* бейімделу)— бір сөз ішінде немесе әр тектес буыннан құралған сөздерде іргелес орналасқан дауысты және дауыссыз дыбыстардың, яғни үні мен салдыры әр түрлі фонемалардың, бір-біріне әсер етіп, өзіне ұқсатып айтылуы. Мыс.: *жәй, шай, шаш* сияқты жуан буынды сөздердің сөйлеу тілінде *жәй, шәй, шәш* болып жінішке айтылуы, олардың құрамындағы *ж, й, ш* тіл алды фонемалары тіл арты жуан *а* фонемасына ықпал етіп, оны тіл алды жінішке дыбысқа өзгертіп, өздеріне бейімдеп тұр; *аянкес, апаеке, атаеке* сияқты әр тектес буынды сөздерде де тіл арты *а* фонемасына іргелес орналасқан *й, ш, к, с, п* дауыссыздары және одан алшақ тұрған жінішке *е* фонемасы әсер етіп, оны өздеріне бейімдеп, ол сөздердің жінішке *әйенкес, әпке, атеке* сияқты сынарларын жасап тұр. Керісінше, *Бөтағөз, қарағым, керек екен, қара қазан* сияқты сөздерде дауысты дыбыстар дауыссыздарға ықпал етіп, өздеріне бейімдеп тұр.

Аккузатив (лат. *accusativus*)— табыс септік.

Аккузативтік құрылыс (лат. *accusativus* табыс септігі) орыс. *аккузативный строй* — қ. **Номинативтік құрылыс**.

Акрофониялық жазу (грек. *akros* шеткі, *phone* дыбыс) *акрофоническое письмо* — сөздердің бастапқы дыбыстарын білдіретін әріптерге негізделген жазу.

Акта́нт (лат. *ago* қозғалысқа келтіремін, әрекет жасаймын)— 1) етістік арқылы білінетін процестегі адамды, затты білдіретін сөйлем мүшесі; 2) *мәтін теориясы* бойынша (қ.) баяндау кезінде адамның (заттың) типтік функциясы; 3) *агенс* (қ.) д. м.

Актив сөздік (лат. *activus* әрекетті, әрекетшіл) орыс. *активный словарь* — белгілі бір ортадағы күнделікті тілдік қарым-қатынаста жиі қолданылатын сөздер. Оған жалпылама қолданыстағы сөздермен қатар адамдардың мамандығына, кәсібіне байланысты арнаулы терминдер, кәсіби сөздер жатады. А. с. орта есеппен 300—400-ден 1500—2000-ға дейін сөзден тұрады.

Актуалды мүшелену (сөйлемнің) (лат. *actualis* әрекетті, әрекетшіл)— қ. **Өзекті мүшелену** (сөйлемнің).

Аку́стика (грек. *akustikos* естілу)— 1) физиканын бір саласы; 2) дыбыстардың естілуі.

Акустикалық талдау орыс. *акустический анализ* — дыбыстарды акустикалық қасиетіне, белгілеріне қарай талдау.

Аку́т (лат. *acutus* өткір, жоғары)— 1) жоғары тон, жоғары екпін, екпін түскен буында дауыстың жоғары айтылуы, көне грек тіліндегі тоникалық екпіннің бір түрі; 2) қазіргі литва тіліндегі бәсең интонация. Ол бір кездегі жоғары интонациядан ауысқан деген пікір бар.

Акце́нт (лат. *accentus* дауыс көтерілуі, екпін)— 1) сөздік екпін: поставить акцент — *екпін түсіру*; 2) өзге бір тілде сөйлегенде ана тіліне тән дыбыстық ерекшеліктердің сақталуы. Тілді үйренгенде оның лексикасы мен грамматикасынан гөрі айтылу үлгісін меңгеру қиынға түседі.

Акце́нт жүйесі орыс. *акцентная система* — тілдік екпін ерекшелігімен сипатталатын құбылыс.

Акцентоло́гия (лат. *accentus* дауыс көтерілуі, екпін, грек. *logos* ілім)— екпіннің табиғатын, түрлері мен қызметін зерттейтін тіл білімінің саласы.

Акцентуа́ция (лат. *accentuatio*)— 1) екпін арқылы сөздің немесе фразаның белгілі бір бөлігін ерекшелеп айту; 2) жазба мәтіндерде екпінді белгілеп көрсету.

Ақпараттық лингвистика орыс. *информационная лингвистика* — табиғи тілдер мен әр түрлі таңбалық жүйелерге парапар ақпараттық-ізденіс тілдерін, олардың типологиясын, құрылымын, модификацияларын зерттейтін сала. А. л. ақпаратты сақтау, өңдеу, хабарлау процестерімен, автоматты аударма т.б. мәселелермен де шұғылданады.

Алгоритмикалық тіл орыс. *алгоритмический язык* (лат. *algorithmi*)— есептеуіш машинаның көмегімен ақпараттарды өңдеуде қолданылатын жасанды тіл.

Алғашқы күй (тілдің) орыс. *первообразное состояние* (языка)— тілдің кейінгі дәуірлерде анықталған, белгілі калпына дейінгі бастапқы күйі, көрінісі. Мыс.: *алғашқы дауыстылар, негізгі түбір түлғалар*.

Александрія мектебі орыс. *Александрійская школа* — б.з.д. 4 ғ. аяғында эллиндік Египеттің астанасы Александрия қаласында қалыптасқан тіл зерттеу мектебі. 640 ж. Александрияны арабтар жаулап алғанға дейін өмір сүрген. А. м-нің аса ірі өкілдері: Зенодот, Ликофрон, Александр Этолийский, Аристофон Византийский, Аристарх Самофракийский, Дионисий Фракийский, Аполлоний Дискол т.б. Александрия филологтерінің шығармалары аз сақталған. көбінесе олар үзінді түрінде кейінгі зерттеушілердің (Варрон, Донат, Присциан т.б.) баяндауларында берілген.

А. м. дәстүрлерінде филология мен грамматика негіздері қалыптасқан. А. м. грек-латын ғылымы мен Таяу Шығыстағы көне ілімнің түйісуінен туған. А. м-нің грамматика жайындағы зерттеулері кейін Еуропа тіл білімінің негізіне жатты. Грамматиканы тіл білімінің басқа салаларынан бөліп қарап, осы күнгі фонетика, морфология, синтаксистің сұлбасын анықтады. А. м.-нің грамматикалық ілімі негізінде сөз таптары туралы ілім жатыр. Онда сөз таптары 8 түрге бөліп қарастырылды: есім, етістік, есімше, мүше, есімдік, предлог, үстеу, шылау (Дионисий Фракийский); сөз түрлендіру және сөзжасам категорияларына да көңіл аударылды. А. м. ілімінде тіл құрылымының дыбыстан бастап барлық қабақтарын зерттеуге мән берілді. Бұл мектептің идеялары мен әдістері көне Рим грамматиктеріне елеулі ықпал жасады. Кейінгі антикалық дәуірде, орта ғасырларда кенінен белгілі Донат пен Присциан грамматикалары А. м. дәстүрінде жазылған.

Аллитерация (лат. *alliteratio* әріп)— көркем шығармаларда, көбінесе өленде, тұрақты тіркестерде бірыңғай дауыссыз ды-

быстардын сөз басында қайталанып келуі. Мыс.: *Жапалақ жалпылдайды жсар басында. Жалғыз жалау жалтылдап* (Абай). *Сағы сыну, тақсіретін тарту, табанынан таусылу, тоқты-торым, жігіт-желең*. Ср. *Ассонанс*.

Алло- (грек. *állos* өзге, басқа)— “бір түрі, варианты, нақты көрінісі” мағынасындағы префикс, мүше-сөз: *алломорфема, аллосема, аллофона, аллофраза*.

Аллограф (аллограф) (грек. *állos* өзге, басқа, *grápho* жазамын)— *графеманың* (к.) бір түрі, оның нақты қолданылу көрінісі.

Алломорф (алломорфа) (грек. *allos* өзгеше, басқа, *morphe* форма, түлға)— мағынасы өзара ұқсас *морфтар* (к.), морфеманың бір түрі, олардың бір-бірінен айырмасы сөз ішіндегі орнына байланысты. А. негізінде түбір мен қосымша арасында дыбыс алмасуы жиі кездесетін тілдерге (орыс т. б.) тән құбылыс. Қазак тілінде оған кейбір етістік-есім *синкрет* (к.) сынарларындағы дыбыстық алмасулар жақын келеді. Мыс.: *тою — тоғаяу, жойылу — жоғалу* сөздерінің түбірлері *той-*, *тоқ-*, *жой-*, *жоқ-* тарихи түбір морфемалардың алломорфтары болып табылады.

Алло́ним (ағыл. *allopunt*)— адам аттарының, географиялық атаулардың т.б. жарыспа түрлері: *Петербург — Петроград, Ибраһим — Абай, Садуақас — Сәкен*.

Аллофóн (аллофона) — фонеманың варианты, фонеманың сөйлеу үстінде кездесетін әр түрлі ренктері. А. үндіеуропа тілдерінде кең тараған. Қазак тілінде дыбыстың үндестік аллофондары кездеседі. Мыс.: *бас* сөзінде *б* жуан, *бес* сөзінде *б* жінішке айтылып, фонема вариантын (ренкін) жасап тұр.

Аллоэтно́ним (грек. *allos* басқа, *éthnos* тайпа, халық, *онума* есім, ат) — этностың басқа халықтар берген атауы. Мыс.: славяндар герман тайпаларын (*děutschen* орнына) *немцы* (немістер), *суомилерді* (*suomalainen* орнына) *финны* (финдер), француздар немістерді *аламандар* (көне герман тайпасының атауы), латыштар орыстарды *кривичи* (шығыс славян тайпасының атауы) деп атайды. Ср. *Автоэтноним*.

Алмасу орыс. *чередование* — бір деңгейдегі бірыңғай тіл бірліктерінің арасындағы грамматикалық қатынас. А. неғұрлым ірі тіл бірліктері құрамында келіп, бірін-бірі айырбастай алатын, әр түрлі фонетикалық, грамматикалық формаларда көрінетін. яғни *альтернациямен* (к.) парапар қатынасты білдіреді. А. ен

алдымен тіл құрылымының дыбыстық бірліктеріне тән, олар белгілі бір морфеманың (сөздің) құрамында белгілі бір орнында бір-біріне альтернат түрінде кездеседі (о/у алмасуы: әдеби қорытынды диал. құрытынды, д//л алмасуы: әдеби теңдік диал. теңдік, маңдай -- маңлай т.б.). А. теориясы үнді тіл білімінде пайда болған, ал оны алғаш рет фонология тұрғысынан терең зерттеген И. А. Бодуэн де Куртенэ.

Алтай ататілі орыс. *алтайский праязык* — салыстырмалы-тарихи әдіс негізінде жіктелген болжам тіл. Бұл болжам бойынша шығыс ностратикалық тілдер тобына кіретін алтай тілдерінің ататілі түркі, моңғол, тұңғыс-манжур, корей, жапон тілдерінің шыққан тегі болып табылады. А. а. туралы болжам фонетикалық, лексикалық, грамматикалық кейбір фактілерді қайта жаңғыртып зерттеуге негізделген болатын. Мыс.: сөздің фонетикалық, морфологиялық құрамындағы (үндестік, жалғамалылық) ұқсастықтар. Бірақ 1950 жж. негізгі лексикалық топтарға (сан, дене мүшелері, жыла мезгілдері, ауа райы, аспан денелері т.б. атаулары) байланысты зерттеу жұмыстары олардың алтай тілдеріндегі сәйкестігі өте төмен екенін көрсетті. Осындай жағдай бұрын анықталған лексикалық, морфологиялық кейбір жарыспалы элементтерден де байқалған. Бұл сияқты фактілер А. а. болғандығына күдік тудырады.

Алтайтану орыс. *алтайстика* — алтай төркіндес түркі, моңғол, тұңғыс-манжур және жапон, корей тілдерінің шығу тегін арнайы зерттейтін тарихи-салыстырмалы тіл білімінің дербес саласы. А.-дың негізгі мақсаты алтай төркіндес тілдердің фонетикалық жүйесін, морфологиялық және синтаксистік құрылысын, негізгі сөздік қорын талдап зерттеу арқылы алтайлық тілдердің бір ғана тектілден тарап, кейін дербес тілдер болып қалыптасқанын немесе о баста жеке-жеке дербес тілдер болғандығын анықтау.

Алтай тілдерінің (к.) туыстығы жөнінде ғылымда әр түрлі көзқарас бар. А.-дың алдында тіл біліміндегі дәстүрлі және жаңа әдістерді қатаң қолдану арқылы ататілдің жүйесін қайта жаңғыртуға, алтайлық тілдерге жапон, корей тілдерінің жақындығын ашуға байланысты жүйелі терең зерттеулер жүргізу міндеті тұр.

Алтай тілдері орыс. *алтайские языки* — шыққан тегі бір деп топшыланатын түркі, моңғол, тұңғыс-манжур тілдері мен корей, жапон тілдерінің үлкен тобын білдіретін шартты атау. А. т.-не 19 ғ. 30 жылдары кейін Орал тілдері деп аталған тілдер де

жатқызылды. “Алтай” термині аталған тілдердің алғашқы отаны бір дегенге мензейді. А. т.-нің ғылыми болжамдық негізі Г. Рамс-тедт, Н. Н. Поппе, Е. Д. Поливанов, В. Л. Котвич, А. М. Рясянен т.б. еңбектерінде берілген. А. т. туыстығына олардың жалпы лексикасындағы көптеген сөздердің құрамы мен мағынасындағы сәйкестік, сөздің дыбыстық, морфологиялық құрылымдағы (үндестік, жалғамалылық) ұқсастықтар, синтаксистік жүйесіндегі үйлесімділік сияқты ортақ құбылыстар себеп болған.

Бірақ А. т.-нің туыстығы жайындағы ғылыми болжамды толық дәлелденген деуге болмайды. А. т.-нің құрылымдық, материалдық жақындығын, айырмашылығын ашуға мүмкіндік беретін ататіл-дің жүйесін толық қайта жаңғырту (қайта қалпына келтіру) мәселесі әлі толық шешілген жоқ. Әсіресе корей, жапон тілдерінің А. т. тобына жатқызылуы (20 ғ. 20 жылдарынан бері) салыстыр-малы-тарихи әдіс тәсілдері негізінде терең зерттеуді қажет етеді.

Алфавіт (грек. *alphabētos* гректін алғашқы *альфа* және *бета* әріптерінен)— к. *Әліпби*.

Альвеол дауыссыздар орыс. *альвеолярные согласные* — тіл ұшының күрек тиістің түбіне тиісуі арқылы жасалатын дауыссыз дыбыстар: *т, д, н, л*.

Альтернаттық сұрақ (франц. *alternatif* алмасатын, кезектесетін) орыс. *альтернативный вопрос* — сұраққа жауап бірнешеу (көбіне екеу) болған жағдайда, тыңдаушыдан соның біреуін қолдауды талап ететін сұрақ, яғни бірнеше жауаптың біреуін қалайтын сұрақ. А. с. сұраулы сөйлемдердің баяндауышына *-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -не* сұрау шылауларының үстелуі арқылы жасалады. Мыс.: *Осы сөзге тоқтайсың ба, тоқтамайсың ба? Мынау егіс күздік пе, жаздық па?*

Альтернация (лат. *alternatio* өзгеру, алмасу)— альтернация, бір түбірден (негізден) тараған сөздерде тілдің өзіне тән белгілі заңдылықтарына сәйкес дыбыстардың өзара алмасуы. Мыс.: *жақ — жағу, тап — тауып, сап — сабы*.

Амалдың өту тәсілі орыс. *способ глагольного действия* — іс-әрекет, амалдың түрліше грамматикалық мәнге ие бола отырып, өту, жүзеге асу қалпы. Амалдың өту сипатынан кимылдың басталу — аяқталу, қарқындылық — солғындық, үдемелік — бәсендік, ширақтық — сылбырлық, жиілік — сиректік сияқты түрлі мағыналық ренктері көрінеді. Мыс.: *қамала, шапқыла, термеле* дегенде кимылдың еселену, қайталану, үстемелену сипаты; *жыламсыра,*

күлімсіре дегенде амалдын солғындығы байқалады; *жаза бер, айта бер* — амалды тоқтатпай жүзеге асыру; *іше сал, тастай сая* амалдын жүрлім-бардым, тез істелуі, *ери бастады, ата бастады* — амалдын басталуы ренктерін білдіреді.

А-мен сөйлеу орыс. *аканье* — орыс тіліне тән фонетикалық құбылыс. Екпінсіз буындағы *о* дыбысы орнына *а* дыбысының айтылуы: *Москва* — *Масква*, *вода* — *вада*.

Американдық тіл қоғамы орыс. *американское лингвистическое общество* — тірі тілдерді синхрондық түрде зерттеуді мақсат ететін АҚШ-тағы тіл қоғамы. АҚШ-тын жетекші ғалымдарының ұсынысы бойынша 1924 ж. құрылған (ұйымдастыру комитетінде Л. Блумфилд, Э. Стёртевант, Дж. М. Боллинг болған), 7 мың мүшесі бар (1986 ж.). Қоғамды жыл сайын сайланатын президент басқарады. Ұйымдастыру орталығы — секретариаттан тұрады (Вашингтон), 2 комитеті (атқарушы және баспа) бар. Қоғамның органы “*Language*” (“Тіл”) журналы жылына 4 рет шығады. Бұдан басқа бюллетень және анықтағыштар шығып тұрады.

Блумфилдтің “Ряд постулатов для науки о языке” (1926), “Язык” (1933) еңбектерінде баяндалған А. т. қ. бағдарламасын З. Харрис, Б. Блок, Дж. Л. Трейджер т.б. жетілдіріп іске асырған. 1950 ж. соңына дейінгі зерттеу жұмыстары Блумфилдтің концепциясына негізделген (“*Дескриптивная лингвистика*”), 1950 ж. соңынан бастап Н. Хомский концепциясы кең тарап (“*Генеративті лингвистика*”), Еуропа тіл біліміне қызығушылық артты, 1970 ж. орта шенінен бері прагматикаға бет бұрды.

Американизмдер орыс. *американизмы* — ағылшын тілінің американдық түріне тән сөздер мен сөз қолданыстар. Мыс.: *окэй, хай* (ағыл. *hello*), *босс, доллар*.

Аморфты сөздер орыс. *аморфные слова* (грек. *amorphos* формасыз)— белгілі бір сөз табына жатқызарлықтай морфологиялық грамматикалық көрсеткіштері жоқ сөздер. Кейбір орыс тілін зерттеушілер бұған *есть, нет* сөздерін жатқызады.

Аморфты тілдер орыс. *аморфные языки* (грек. *amorphos* формасыз)— сөзаралық қатынастары сөздердің бір-бірімен қабыса байланысуы немесе көмекші сөздер арқылы білдірілетін қосымшасыз тілдер. Мыс.: қытай тілі т.б. Қ. **Типологиялық топтастыру**.

Амплитұда (лат. *amplitudo* көлемділік, кендік)— дыбыстардың айтылуындағы діріл қарқыны.

Амплифика́ция (лат. *amplificatio* жайылу, ұлғаю)— 1) сөзді күшейтіп, әсірелеп айту мақсатында синонимдерді тіркестіре қолдану арқылы жасалатын стилистикалық айырықша сөз оралымы. Мағына үстемелеу. Мыс.:

Ән салсаң Әсеттей сап *әсемдетіп*,

Қоздырып делебені *әсерлеміп*.

Шырқатып, шығандатып, шымырлатып,

Шапшытып, шүмектетіп, нөсерлеміп (Әсет):

2) бір тілден екінші тілге аударғанда мәтіннің көлемі ұлғайып кетуі.

Амре́дита — қайталама қос сөздерден жасалған күрделі сөз.

Амфибо́лия (грек. *amphibolia* екі ұштылық)— сөз екі ұшты мәнде қолданылатын стилистикалық сөз оралымы, сөз мәнінің екі ұштылығы.

Анагра́мма (грек. *anagramma* ауыстыру)— 1) дыбыстардың орнын ауыстыру арқылы басқа сөз жасалуы. Мыс.: *тас — сат, көл — кел, лақ — қал, тарақ — қатар*; 2) санскрит, латын және басқа көне үндіеуропа тілдерінде бұл тәсіл арқылы өлеңдер жазылған. Өлеңнің белгілі бір ұйытқы сөзінің дыбыстары басқа сөздерде қайталанған.

Анаколу́ф (грек. *anakoluthos* ретсіз, жүйесіз)— сөйлеу элементтері арасындағы дағдылы синтаксистік байланыстың бұзылуы. А. әсіресе құрмалас сөйлемдердің басталуы мен аяқталуы арасында, мағына жағынан үйлескенмен, грамматикалық жағынан үйлеспейтін сөйлем мүшелері арасында кездеседі.

Аналити́зм (грек. *analysis* жіктелу, ыдырау)— сөздің негізгі (лексикалық) және қосымша (грамматикалық, сөзжасамдық) мағыналарын ажыратып білдіретін, *синтетизмге* (қ.) қарама-қарсы типологиялық қасиет. А. сөздің морфологиялық тұрақты құрамы мен аналитикалық (күрделі) құрылымдардың бір-біріне қатыстылығынан нақты байқалады. Мыс.: *көріп қал, көре сал* тәрізді аналитикалық формалар етістіктің грамматикалық категориясының бір түрін жасап тұр. Мұндағы *көр-* лексикалық мағынасын сақтаған сөз, ал *-іп+қал* — дәнекер қосымша мен көмекші етістіктен жасалған аналитикалық форма. Сөздің морфологиялық құрамында грамматикалық мағынаның толық мәнді сөздер мен көмекші сөздердің тіркесуі, сөздердің орын тәртібі, интонация арқылы анықталуы А.-ге жатады. Толық мәнді сөздер

мен қосымша (көмекші) сөздердің тіркесімі аналитикалық құрылымдарды (АК) жасайды. Олар морфологиялық, синтаксестік, лексикалық АК-лар болып бөлінеді. Морфологиялық АК-дарға морфологиялық категорияны жасайтын біртұтас сөз формалары жатады (*бара сал, бара бер*), бұлар сөйлемде бір мүше болып табылады. Синтаксестік АК сөйлемнің жеке мүшелерін ажыратып білдіреді. Мыс.: *суы мол жер* дегенде *суы мол* — анықтауыш, ср. *сулы жер*. Лексикалық АК сөзжасамдық мағыналарды ажыратып білдіреді. Мыс.: *кішкене көл* — *көлшік, жұмысшы адам* — *жұмысшы т.б.* Тілдің мағыналық және формалық тұрғыда қатынасын морфемалық деңгейде анықтауға Ш. Балли (Франция), Е. Д. Поливанов (Ресей), түркі тілдерінде А. А. Юлдашев (Ресей) т.б. ерекше көңіл бөлді.

Аналитикалық тілдер орыс. *аналитические языки* — сөздердің грамматикалық мағыналары синтетикалық тілдердегідей сөз формалары арқылы емес, атауыш сөздердің орын тәртібі, оларға тіркескен көмекші сөздер, интонация арқылы берілетін тілдер. Мыс.: ағылшын, француз, итальян т.б. тілдер.

Тілдерді топтастырудың морфологиялық принципімен қатар синтаксистік принципінің қалыптасуы, яғни тілдерді топтастыруда сөздердің тіркесімділігіне сүйену А. т.-ді анықтауда маңызды рөл атқарады. Ф. Шлегель, А. Шлейхер, В. Гумбольдт, Дж. Х. Гринберг, Э. Сепир т.б. еңбектерінде бұл салаға көп көңіл бөлінген.

А. т.-ге жатқызылып жүрген тілдерге синтетикалық тәсілдер де жат емес. Мыс., түркі (казак) тілдерінде сөзтіркесім тәсілімен жасалған сөз формалары мол кездеседі. Қ. *Аналитизм*.

Аналитикалық форма (грек. *analytikos* жіктелген, дараланған, лат. *forma*) орыс. *аналитическая форма* — құрамды, күрделі деген ұғымды білдіреді, құрамы негізгі атауыш және көмекші жеке сөздерден тұратын грамматикалық форма. Мұндай формалар аналитикалық морфологияның объектісі болып табылады. Аналитикалық морфология — дербес мағыналы сөздер мен көмекші сөздердің тіркесімінен жасалған біртұтас морфологиялық категориялар тудыратын формалар жүйесі ретінде танылады. Мыс.: *айтып көр, айта сал* тіркесімдерінен А. ф. жасалып тұр. Етістіктерден басқа зат есімдер мен көмекші есімдердің тіркесуінде, сын есімнің күшейтпелі шырайларында аналитикалық сипат бар. Мыс.: *ауыл сырты, от басы, ең таңдаулы, аса маңызды* дегенде *сырты, басы, ең, аса* сөздері көмекшілік қызмет атқарып, А. ф. жасап тұр. А. ф. кем дегенде екі сөзден жаса-

латындықтан, олардан басқа формалар болатыны ескеріліп, күрделі формалар деп те аталады. “А.” термині — *Аналитикалық құрылыс, Аналитикалық тілдер* т.б. терминдердің құрамында айтылады — “А.” терминін А. Ысқақов “сараламалы” деп берген (А. Ысқақов. Қазіргі казак тілі. Морфология. А. 1974, 255-б.). Ср. *Синтетикалық форма*.

Аналогія (грек. *analogia* сәйкестік, ұқсастық, мөлшерлестік)— бір тіл бірлігінің формалды немесе семантикалық жағынан басқа тіл бірлігіне ұқсасу процесі. Сөйлеу процесіндегі құрылымдық үлгілердің негізінде А. арқылы жана тіл бірліктері жасалады. А. сөз формасының фонетикалық жолмен өзгеруінен басқаша. А. тілде бұрыннан белгілі өнімді үлгілердің (модельдердің) жаңғырып қайталанып отыруына мүмкіндік береді. Осы тұрғыда А. сөзжасам процесінде айрықша орын алады. Мыс., казак тілінде бұрыннан белгілі *-ман/ -мен* қосымшасы арқылы жасалған *аларман, берермен* үлгісінде *көрермен, тыңдарман*; *-гер* арқылы жасалған *ардагер, саудагер* үлгісінде — *тыңгер, төлгер*; *-шы/ -ші* арқылы жасалған *малшы, жалшы* үлгісінде *жазушы, комбайншы, тракторшы* пайда болды. А. тіл дамуының және оның қызмет етуінің маңызды факторы — сөйлеу үстінде белгілі бір сөз қолданыстың соған ұқсас жана сөз қолданыс түріне ауысуына мүмкіндік береді. А.-ны зерттеуде 19 ғ. жасграмматизм өкілдері үлкен үлес қосты. Олар А.-ны дыбыстардың өзгеріп отыруы сияқты тілдің дамуы мен қызмет етуінде мәні зор заңдылық деп есептеді.

Анаподотон (грек. *anapodoton*)— сөйлем құрамына қыстырма сөйлем кіргізілуіне байланысты синтаксистік байланыстың бұзылуын білдіретін *анаколүфтың* (к.) бір түрі.

Анаптіксис (грек. *anaptuxis*)— фонетикалық өзгерістерге байланысты екі дауыссыздың арасында дауысты дыбыстың пайда болуы. А. дыбыстардың айтылуын жеңілдету негізінде туады. Мыс.: *текiс — текст, сияз — сьезд, тірес — трест; Сымағұл — Смағұл, Сымайл — Смайл* т.б. Ср. *Эпентеза*.

Анартрия (дизартрия) (грек. *anarthria* қабілетсіздік)— сөйлеу мүшелерінің зақымдануына байланысты дыбыстарды айта алмаушылық. Ср. *Афазия*.

Ана текті есім (ағыл. *matronymis*) орыс. *матроним* — анасының атынан шыққан жеке есім. Мыс., казактағы *қаракесек, мұрын* тайпаларының аты бір кезде осы аттас аналар есімінен шыққан.

Ана тілі орыс. *родной язык* — халықпен нақты кеністікте тарихи бірге жасап, оның төл мәдениетін ұрпақтан-ұрпаққа үздіксіз ұластырушы, сол халыққа жан-жақты қызмет ететін қатынас құралы. А. т. — этностын тұрақты белгісі, оның қоғамда белсенді қызметі атқаруы — ұлттың өмір сүруінің кепілі. А. т.-нің өмірде күнделікті қолданылуы басты шарт. Оның даму дәрежесі ұлттық сана мен сезім деңгейінің өлшеуіші болып табылады. А. т. адамдар қауымдастығының тайпадан ұлысқа, ұлыстан халыққа, одан ұлтқа ұласу процесінде этноспен бірге жасап, күллі қауымдастықтың басын біріктіру үшін қызмет атқарады. А. т. жоғалған этнос өзіне тән этностық қасиетінен айрылады.

Анафора (грек. *anaphora* жоғары шығару)— айтылатын ойдың әсерлігін арттыру үшін сөз басында қайталап қолданылатын дыбыстардан, сөздер мен сөз тіркестерінен, синтаксистік құрылымдардан жасалған стилистикалық фигуралардың түрі. А.-ның бірнеше түрі бар. Лексикалық А. — белгілі бір сөз я сөздердің қайталанып отыруынан жасалады. Мыс.: *Нефтіні білгің келе ме? Нефті жердің бұлағы, нефті жердің құнары* (Т. Жароков). *Біреуге жұртта қалған жасығымын. Біреуге аспандағы асылымын* (Қ. Аманжолов). Синтаксистік А. — белгілі бір синтаксистік құрылымның қайталап қолданылуынан жасалады. Мыс.: *Көп болды Ақжайыққа бармағалы, көп болды көусарынан қанбағалы* (Қ. Мырзалиев). *Сен — менің арманым, ақ құсымсың, сен — менің ардағым, бақ құсымсың* (Б. Тәжібаев). Фонетикалық А. дыбыс я дыбыс тіркестерінің қайталанып отыруынан жасалады. Мыс.: *Шық бермес Шығайбай. Қағанағы қарқ, сағанағы сарқ. А. эпифораға* (к.) карама-карсы құбылыс.

Анафоралық қатынас орыс. *анафорическое отношение* — сөйлемнің бір компонентінің (сөздер мен сөз тіркестерінің) мағынасын оның екінші компонентіндегі мағынаға қатысы арқылы анықтау. Мұндай қатынас сөйлем компоненттері арасында тікелей байланыс болмауынан туады. Мыс.: *Ғарып халін ғарып біліп тұрады. Бірін-бірі жарық қылып турады.* (Ясауи). А. к.-тың алғашқы бөлігі — *антецедент* (к.), екінші бөлігі — *анафора* (к.) деп аталады. Сөйлемнің анафорадан туратын бөлігінде мағына толық ашылмайды. Толық мағына А. к. арқылы ғана ашылады: *Партияшылды құтыртпа, Мен сендікпін деп, халық* (Шәкәрім). А. к. әдетте сілтеу есімдіктері, есімдік негізді үстеулер арқылы беріледі. Мыс.: *Айды айтасыз ба? Ол туралы көп жазылды ғой. Мен мына жерден пана таптым, енді орным осында* (М. Әуезов).